

**6D110100 – Медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жүректің туа біткен кардиоваскулярлы  
аурулары кезінде хирургиялық көмек көрсетуді жақсарту жолдары»  
тақырыбы бойынша Кемельбеков Канатжан Сауханбековичтің  
диссертациялық жұмысына отандық ғылыми жетекшінің  
ШҚІРІ**

Диссертант К.С. Кемельбековтың зерттеу жұмысы жүректің туа біткен кардиоваскулярлы аурулары кезінде хирургиялық көмек көрсетуді жақсартуға арналған. Жүрек-қан тамыр жүйесінің даму ақаулары бар ерте жастағы балалардағы өлім-жітім деңгейін төмендету мен нәрестелердің өмір болжамын жақсарту мәселесі әрқашан балалар кардиохирургиясының, педиатрияның және балалар хирургиясының қазіргі таңдағы ең өзекті және шешімі қиын мәселе болып табылады. Ерте жастағы балалар өлім көрсеткішінің деңгейінің жоғарлауы, жүрек пен қан тамырларының туа біткен даму ақауларының кең таралуы мен аталған жағдайда мамандандырылған көмек көрсету шараларының қанағаттанарлықсыз жағдайы мемлекет пен қоғам алдындағы өзекті мәселе ретінде қалуда. Жүргізілген іс-шараларға қарамастан, жүрек пен қан тамырларының туа біткен даму ақаулары тіркелген балалар саны жыл сайын арта түсуде.

Диссертациялық жұмыстың жаңалығының барлығына күмән жоқ, себебі диссертант өз жұмысында ретроспективті сипаттамалы жағдай–бақылау зерттеулер бойынша Жамбыл Облысы бойынша нәрестелер мен ерте жастағы балалар арасында жүректің туа біткен даму ақауларының таралу динамикасына, соның ішінде кең таралған нозологиялық түрлеріне жан-жақты талдау жасауы және жүрек-қан тамырларының туа біткен даму ақауларының қауіп-қатер факторлары мен өлім себептерін анықтауы, нәрестелердегі ашық артериалды өзекше кезінде хирургиялық жолмен «лигирлеу» арқылы емдеу тәсілі асқынулар мен операциядан кейінгі мақсатты деңгейге дейін өлім көрсеткішінің төмендеуіне алып келеді және хирургиялық көмек көрсетудегі негізгі жақсарту жолы ретінде қарастырылады, бұл жәйт әдістің маңызыдығын көрсетеді.

К.С.Кемельбеков зерттеу мақсатымен міндеттерін негіздеді, қортындылармен зерттеудің негізгі ережелерін дұрыс тұжырымдады. Автор жүрек-қан тамыр жүйесінің даму ақаулары, соның ішінде айқын функционалды гемодинамикалық ашық артериалды өзекшесі бар шала туылған нәрестелерді хирургиялық «лигирлеу» арқылы емдеуге сұрыптау жүргізу тәсілі арқылы оңтайлы хирургиялық көмек көрсетуді жақсарту жолдарын клиникалық тәжірибеге енгізді. Қазіргі уақытта аталмыш тәсіл Тараз қаласындағы Ғылыми-клиникалық кардиохирургия және трансплантология орталығы мен Жамбыл Облыстық перинаталды орталығында стационарлық деңгейгейлерде кең қолданылуда.

Заманауи зерттеу әдістерін қолдана отырып, алынған нәтижелерді жете статистикалық талдау арқылы автор аталған кірістің жоғары тиімділігін анықтады. Зерттеуді жүргізу барысында, жаңа туылған нәрестелер мен ерте



жастағы балалар арасында жүректің туа біткен даму ақауларына теріс әсер ететін қауіп-қатер факторлары арасында, статистикалық мәнділігі бар оң корреляциялық байланысты айқындады. Диссертант қолданған статистикалық талдаудың көп өлшемді әдістері есептеудің қателіктеріне алып келетін конфаундинг-ықпалдарды бейтараптандырды.

Шала туылған нәрестелердегі айқын функционалды гемодинамикалық ашық артериалды өзекше өз уақытысында хирургиялық жолмен «лигирлеу» арқылы емдеу тәсілі операцияға дейінгі және операциядан кейінгі асқынулар мен өлім көрсеткішінің төмендеуіне алып келе отырып, хирургиялық көмек көрсету шараларын жақсартуға негіз болатын жайт К.С. Кемельбековтың диссертациялық жұмысының тәжірибелік маңыздылығын көрсетеді. Жұмыстың тағы бір айта кететін құндылығы, ол ғылыми жұмыстың орындалу барысында жаңа бағыттарды ашқан.

Қазақстан, Ресей және Австрияда өткен Халықаралық деңгейдегі ғылыми тәжірибелік конференцияларда диссертант зерттеудің негізгі нәтижелері мен мәліметтерін баяндады. Автор диссертация тақырыбы бойынша 8 жұмысты жариялады, 1 мақала – Scopus базасында индекстелген журналда шықандығы тақырыптың жаңалығы мен өзектілігін айқындайды.

Кемельбеков Канатжан Сауханбековичтің «Жүректің туа біткен кардиоваскулярлы аурулары кезінде хирургиялық көмек көрсетуді жақсарту жолдары» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясы ғылыми жаңалығымен, тәжірибелік құндылығымен ерекшелене отырып, ҚР БҒМ білім және ғылым саласында бақылау Комитеті ұсынған талаптарға сәйкес болуына орай 6D110100 – Медицина мамандығы бойынша Диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынылуға лайықты.

Отандық ғылыми жетекші,  
медицина ғылымдарының докторы,  
Ғылыми-клиникалық кардиохирургия және  
трансплантология орталығының директоры,



С. Джошибаев

Отандық ғылыми жетекші, медицина  
ғылымдарының докторы, Ғылыми-клиникалық  
кардиохирургия және трансплантология  
орталығының директоры С. Джошибаевтың  
қолын растаймын, кадр бөлімінің инспекторы

A handwritten signature in blue ink, appearing to be "B. Uteshova".

Б. Утешова